

НАУРЫЗДАҒЫ игі іс



10 жылдан бері қайырымдылық жасауды әдетке айналдырған «Петро Қазақстан Ойл Продактс» ЖШС ұжымы биыл да наурыз қарсаңында бұл игі ісін ұмытпады. Қарабастау ауылының 30 шақты отбасын жинап, азық-түлік үлестірді. Сондай-ақ құрбандық шалып, иіс шығарды.

Бұл - мұнай және газды сатып алу, барлау, шығару және өндіру, сондай-ақ мұнай өнімдерін сату бойынша қызметті жүзеге асыратын компаниялар тобы. Барлау мен өндіру бойынша Топтың барлық операциялары Қазақстан Республикасының солтүстігінде және орталық бөлігінде Оңтүстік Торғай мұнайлы алабында шоғырланған. Топтың кен шығару кезеңдері түрлі он үш кен орнындағы үлесі бар. Өндірілетін өнімдердің көпшілігі ішкі нарыққа жеткізіледі, шикі мұнайдың экспорты бірнеше тиеу орындары арқылы Қытай мен Өзбекстан бағыттарымен жүзеге асырылады.

Өз жұмыстарын жоғары деңгейде атқаратын компания басты орынға адамгершілікті қойған. Жыл сайын бірнеше рет әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың хал-жағдайын біліп отырады.

Қарабастау ауылының биімен тығыз байланыста. Ауылда қанша отбасы қиын жағдайда? Оларға қандай көмек қажет? Қандай заттан тапшылық көруде? Барлығынан хабардар болып отырады.

Кеңес Сейітов, «Қарабастау» ауылының биі:

«Жалпы, біздің ауылдағы осындай жетім-жесір, мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған азаматтарға бұл Петро Қазақстан ұжымы жиі көмек қолын созады. Көп жағдайда азық-түлік алып келіп береді. Мұның өзі бұл кісілер үшін үлкен көмек қой. Ал бүгінгі игі істері осы Наурыз қарсаңына тура келген екен. Ауылдағы 30 отбасыға азық-түлік таратпақшы. Арасында көпбалалы отбасылар бар, ата-анасынан айырылған тұл жетімдер де бар. Сондай-ақ аз қамтылған отбасылар да бұл көмекті алып жатыр»

Аталған компания шынында халықтың алғысын арқалап жүр. Себебі, бұл аймақтың мектебіне көмек қолын созуға жиі барады екен. Мектеп табалдырығын аттап отырған қиын жағдайдағы отбасылардың бүлдіршіндерінің



киім-кешегі мен мектепке қажет құрал-сайманын түгендеп береді.

Білім ұясында дәріс алып жүрген оқушыларға интерактивті тақта да алып берген.

10 000-нан аса адам тұратын ауыл 75-80 үйде әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар тұрады.

Ауыл биінің сөзінше бұл отбасылардың барлығына бірдей көмекті үлестіре алмайды. Яғни, бұл жолы көмек алған отбасы кезекте алмай тұрады. Солай амалдайды.

- Көмек беремін, жағдайы төмен отбасыларға қол ұшымды соза-

мын деген азаматтарға мешітке келіңдер дейміз. Сонда имамның қолында ауылдың көмекке мұқтаж отбасыларының тізімі бар. Сол бойынша береді. Немесе кейбірі мешіт иманына тапсырып кетеді. Ол барлығына таратып береді. Ал кей жағдайда «Кімге берсек болады?» деп менен сұрайды. Енді бізде барлығын бір жолата қамтамасыз ете аламыз деп айтпаймын. Бұл жолы ала алмаған отбасыға келесі жолы береміз.

Мысалы бүгін міне бір отбасы келді. Өлгі әйелдің 3 баласы бар екен. 4-не аяғы ауыр. Осы жақында

рам Наурыз мейрамы қарсаңында біздің компаниямыз зауыттың төңірегінде орналасқан ауылдардағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көмек беруді көздеді. Бүгін біз шамамыз келгенінше 30 шақты отбасыға азық-түлік салынған пакеттер алып келдік. Қазіргі таңда адамларға ең қажетті деген, мейрам қарсаңында қолдану үшін ұн, күріш, май, шөй, нан, қант және тағы да басқа заттар алып келдік. Біз бұл жағдайды салтқа айналдырып келе жатырмыз десек артық болмас. Біз жыл сайын осы наурыз мейрамының алдында осындай шара



ұйымдастыруды қолға алғанбыз. Оның мына ауылдың ақсақалдары мен халық та жақсы біледі. Жалпы біздің өзіміздің компанияға келетін болсақ, ПетроҚазақстан ойл продакс компаниясы модернизациялаудан өткен. Экологиялық жағдайы өте жоғары дәрежеде. Халықаралық стандартқа шыққанбыз. Сондай-ақ біздің шетелге жіберетін өнімдеріміздің сапасы да барлық стандартқа сай. Яғни жоғары дәрежеде қызмет көрсетіп жатырмыз деуге болады. Болашақта жоспарларымыз көп. Жоғарыдан жоғары, өнімдерімізді көптеп шығаруға, сапасын көтеруге әлі де болса тырысып жатырмыз»

Иә, компанияның өнімдері расында елге белгілі. Сапасы да жоғары екені анық.

Алайда бұл компанияның жыл сайын мұндай қайырымдылықпен айналысатынынан көпшілік бей-хабар. 10 жылдан аса уақыттан бері әлеуметтік жағдайы неашар отбасыларға қол ұшын созып келе жатқан ұжымға айтар алғыстан басқа дүние жоқ. Наурыз мейрамында қол ұшын созу олардың бір бағыты ғана екен. Яғни әр мереке сайын осылай жасайды. Жеңіс мерекесі, білім мерекесі болсын қуантуға асығады.

Қариялар қауымы ұжымға ақ ба-тысын беріп тарқасты.

Мәлдір ИБАДУЛЛАЕВА